ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Өрт сөндіру техникасы
ЖЕКЕ ҚОРҒАНУ ҚҰРАЛЫ
ӨРТ СӨНДІРУШІНІҢ ДУЛЫҒАСЫ
Жалпы техникалық талаптар
Сынау әдістері

Техника пожарная
СРЕДСТВА ИНДИВИДУАЛЬНОЙ ЗАЩИТЫ
КАСКИ ПОЖАРНЫЕ
Общие технические требования
Методы испытаний

ҚР СТ 1709 - 2007

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Өрт сөндіру техникасы
ЖЕКЕ ҚОРҒАНУ ҚҰРАЛЫ
ӨРТ СӨНДІРУШІНІҢ ДУЛЫҒАСЫ

Жалпы техникалық талаптар
Сынау әдістері

ҚР СТ 1709 - 2007

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің
Техникалық реттеу және метрология комитеті
(Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің «Өрт қауіпсіздігі және азаматтық қорғаныс жөніндегі арнайы ғылыми-зерттеу орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны **ӘЗІРЛЕДІ**

Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің Өртке қарсы қызмет комитеті **ЕНГІЗДІ**

2 Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің 2007 жылғы 24 желтоқсандағы №691 бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

3 Осы стандарттың 4 және 6-бөлімдері «Өрт сөндіру қалпақтары» BS EN 443:1997 4, 5 және 6-бөлімдеріне сәйкес келеді.

Аталған құжаттарға сәйкес келетін талаптар стандарттың мәтіні бойынша көлбеу қаріппен берілді.

Стандарттың басқа талаптары Қазақстан Республикасының аумағында қолдану үшін қабылданған нормаларға сәйкес келеді.

4 Осы стандартта «Техникалық реттеу туралы», «Өрт қауіпсіздігі туралы», «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы» Қазақстан Республикасы заңдарының нормалары іске асырылды.

5 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2012 жыл
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

6 АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толығымен немесе бөлшектеліп басыла, көбейіле және таратыла алмайды

Мазмұны

1 Қолданылу саласы 1

2 Нормативтік сілтемелер 1

3 Терминдер мен анықтамалар 2

4 Жалпы техникалық талаптар 2

5 Қауіпсіздік талаптары 6

6 Сынау әдістері 6

А қосымшасы (міндетті). Кезеңдік, типтік, қабылдау-өткізу және біліктілік сынақтарын жүргізу бағдарламасы 21

Б қосымшасы (міндетті). Механикалық беріктікті анықтау стендісінің сызбасы 23

В қосымшасы (міндетті). Иекасты баулықтың беріктігін тексеруге арналған қондырғының сызбасы 25

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК СТАНДАРТЫ

Өрт сөндіру техникасы

ЖЕКЕ ҚОРҒАНУ ҚҰРАЛЫ ӨРТ СӨНДІРУШІНІҢ ДУЛЫҒАСЫ

Жалпы техникалық талаптар Сынау әдістері

Енгізілген күні 2009.01.01.

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт отандық және шетелде өндірілген Қазақстан Республикасының аумағында сатылатын, өрт сөндіру кезінде адамның басын, мойны мен бетін механикалық және қызу әсерлерінен, қолайсыз ортадан, ауаға таралған зиянды заттардан, судан қорғауға және олармен байланысты бірінші кезектегі апаттық-құтқару жұмыстарын жүргізу кезінде, сондай-ақ ауа-райының қолайсыздығынан қорғануға арналған өрт сөндірушінің дулығалары мен қалпақтарына таратылады.

Осы стандарт өрт сөндірушінің дулығасына қойылатын жалпы техникалық талаптарды және сынақ жүргізу әдістерін белгілейді.

Стандарттың ережелері өнімді әзірлеу мен өндіріске қоюда, өнімді жетілдіруде және сатуда қолданылады.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартта мынадай стандарттарға жасалған сілтемелер пайдаланылды:

ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026 -2002 сигналдық түс, қауіпсіздік белгілері және сигналдық белгілеу. Жалпы техникалық шарттар және қолдану тәртібі.

ҚР СТ 1166 -2002 Өрт сөндіру техникасы. Жіктелуі. Терминдер және анықтамалар.

ҚР СТ 1495 -2006 Өрт сөндірушінің жауынгерлік киімі. Жалпы техникалық талаптар. Сынау әдістері.

ГОСТ 2.114-95 Конструкторлық құжаттаманың бірегей жүйесі. Техникалық шарттар.

ГОСТ 12.2.037-78 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Өрт сөндіру техникасы. Қауіпсіздік талаптары.

ГОСТ 12.4.128 - 83 Қорғану дулығалары. Жалпы техникалық талаптар және сынау әдістері.

ГОСТ 15.001-88 Өнімді әзірлеу және өндіріске қою жүйесі. Өндірістік-техникалық мақсаттағы өнім.

ГОСТ 166-89 Штангенциркульдер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 427 -75 Өлшегіш металл сызғыштар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 982 -80 Трансформатор майы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 2184 -77 Техникалық күкірт қышқылы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 2263 -79 Техникалық ащы натрий. Техникалық шарттар.

ГОСТ 4204 -77 Реактивтер. Күкірт қышқылы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 4328 -77 Реактивтер. Натрий су тотығы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 4543 -71 Легирленген конструкциялық болат. Техникалық шарттар.

ГОСТ 5072 -79 Металл секундомерлер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 6507 -90 Бөлінуі 0,01 мм микрометрлер. Техникалық шарттар.

ГОСТ 6948 -81 Көбіктүзгіш ПО-1. Техникалық шарттар.

Ресми басылым

ГОСТ 7502-98 Өлшегіш металл рулетклар. Техникалық шарттар

ГОСТ 15150-69 Машиналар, аспаптар және басқа да техникалық бұйымдар. Ауа-райы әр түрлі аудандар үшін орындаулар. Санаттар, сыртқы орта факторларының әсеріне байланысты пайдалану, сақтау және тасымалдау шарттары.

ГОСТ 16504-81 Өнімді мемлекеттік сынау жүйесі. Өнімді сынау және сапасын бақылау. Негізгі терминдер мен анықтамалар.

ГОСТ 20712 -75 Зығырдан және жартылай зығырдан тоқылған кенеп. Техникалық шарттар.

ГОСТ 28889-90 Мотоциклдер мен мопедтердің жүргізушілеріне және жолаушыларына арналған дулығалар. Ресми бекітуге арналған бірыңғай талаптар.

3. Терминдер мен анықтамалар

Осы стандартта ҚР СТ 1166 сәйкес терминдер мен анықтамалар, сондай-ақ тиісті анықтамаларымен мынадай терминдер қолданылады:

3.1 **Ішкі жабдық**: Дулығаны баста орнықты ұстайтын, дулығаның корпусымен бірге салмақтың біркелкі түсуін және соққының кинетикалық күшін тұтуды, сондай-ақ жоғарғы жылу әсерлерінен қорғауды қамтамасыз ететін бөлшектер жиынтығы.

3.2 **Көлденең сақиналық саңылау.** Дулыға тұрқының ішкі беті мен корпусының ішкі бетінінің кез келген шығыңқы жері мен орнықтырғыш таспаның арасындағы көлденең қашықтық.

3.3 **Дулығаның корпусы**. Дулығаның жалпы тұрпатын айқындайтын сыртқы берік қабаты.

3.4 **Бет қалқаншасы**. Қалқан: бетті, көз бен тыныс жолдарын механикалық және қызу әсерлерінен, қолайсыз ортадан, судан және ауа-райының қолайсыз әсерлерінен қорғауға арналған құрылымдық элемент.

3.5 **Орнықтырғыш таспа**. Ішкі жабдықтың басты қамтып, дулығаны орнықты ұстап тұратын бөлігі.

3.6 **Балқу**. Қызудың әсерінен материалдың жұмсарып балқу нәтижесінде материал бетінің ойылу, ағу, көпіршіктену түріндегі бүлінуі.

3.7 **Бүркеніш**. Дулығаның желке тұсына бекітілген, мойын мен желкені от қызуынан, ашық жалыннан, от ұшқынынан және судан қорғайтын құрылымдық элемент.

3.8 **Бұру-орнықтыру қондырғысы**. Дулығаның қалқаншаны жұмыс жағдайына келтіру мүмкіндігін және оны орнықтыруды қамтамасыз ететін құрылымдық элементі.

3.9 **Қабаттарға бөліну**. Материал қабаттары арасындағы байланыстың нашарлауы немесе ыдырауы салдарынан құрылысы күрделі материалдың қабаттары бойынша бөлінуі.

3.10 **Дулығаның ішінен киетін жылы тақия**. Қыс уақытында ауа-райының қолайсыз әсерлерінен басты қорғауға арналған, дулығаны жинақтаушы бұйым.

4 Жалпы техникалық талаптар

Өрт сөндірушінің дулығасы осы стандарттың және өзге де нормативтік құжаттардың немесе дулығаның нақты түріне берілген, белгіленген тәртіппен бекітілген техникалық құжаттаманың талаптарына сәйкес дайындалуы керек.

4.1 Құрылымына қойылатын талаптар

4.1.1 Дулығаның құрылымына мыналар кіруге тиіс:

- корпус;
- бет қалқаншасы;
- ішкі жабдық;
- иекасты баулық;
- бүркеніш.

Ескертулер:

1 Дулығаны дайындауда дулығаасты тақия кию мүмкіндігі қарастырылуға тиіс.

2 Дулыға құрылысында жоғарыда аталған құрамдас бөлшектерді алмастыру көзделуі керек.

4.1.2 Дулығаның қосымша жабдықсыз салмағы:

- бас үстінде біркелкі бөлінуге;
- 1500 г аспауға тиіс.

4.1.3 Ішкі жабдықтың құрылысы 54-тен 62-ші өлшемге дейінгі шекте өлшемді реттеуді қамтамасыз етуге тиіс.

4.1.4 Жұмыс жағдайына келтірілмеген бет қалқаншасы дулығаның ішіне жиналуы немесе тұрқының сыртына орналастырылуы, бұл ретте ол орнықтырылған бір жағдайдан екінші жағдайға дулығаны бастан шешпей, бір қолмен ауыстырылуы керек.

Ескерту. Бет қалқаншасы корпустың сыртына орналастырылған жағдайда, ол қандай да болмасын құралсыз шешілуге тиіс.

4.1.5 Бет қалқаншасының дулығаға бекітілуі оның жұмыс жағдайында әрі жұмыс жағдайына келтірілмеген күйінде сенімді орнықтырылуын қамтамасыз етуге тиіс. Қалқаншаны орнықтыру күші кемінде 3 Н болуы керек.

4.1.6 Бет қалқаншасы қалыңдығының тегістігі бойынша ауытқуы 1 мм аспауға тиіс.

4.1.7 Иекасты баулық ұзындығы бойынша реттелетін, ені 15-тен 20 мм дейін болуы керек.

4.1.8 Ішкі жабдығында орнықтырғыш таспасы бар дулығаларға арналған орнықтырғыш таспаның ені кемінде 15 мм болуға тиіс.

4.1.9 Ішкі жабдығында орнықтырғыш таспасы бар дулығаларға арналған көлденең дөңгелек саңылау 5 мм аспауға тиіс.

4.1.10 *Дулыға корпусы мен бет қалқаншасының жиектері өткір болмауға және қабыршықсыз болуға тиіс.*

4.1.11 *Ток өткізгіш материалдан дайындалған дулыға тұрқының сыртқы бөлшектері адамның терісіне тимеуі немесе электроқшаулағыш материалмен қапталуы керек.*

4.1.12 *Көру жағдайы төмен, сондай-ақ тәуліктің қараңғы уақытында жеке құрамның жұмыс қауіпсіздігін арттыру үшін* ҚР СТ ГОСТ Р 12.4.026 бойынша *дулығаның корпусында сигналдық белгілер немесе флюоресценттік яғни люминесценттік материалдан дайындалған жағындысы болуы керек.*

4.1.13 *Дулыға бет қалқаншасы жұмыс күйіне келтірілген және бүркенішке бекітілген кезде жоғарыдан жіберілген суды өрт сөндірушінің жауынгерлік киімінің ішіне өткізбеуге тиіс.*

4.1.14 *Дулығаның құрылысы оны тыныс жолдарын қорғау құралдарымен, байланыс құралдарымен, сондай-ақ өрт сөндірушінің арнайы киімінің барлық түрімен бірге пайдалануды қамтамасыз етуге тиіс.*

4.1.15 *Дулығаның құрылысы өрт сөндіру кезінде бірінші кезектегі апаттық-құтқару жұмыстарын және басқа да жұмыстарды орындауға кедергі келтірмеуге тиіс.*

4.2 Материалдарға қойылатын талаптар

4.2.1 Адамның терісіне тікелей тиетін материалдар оны қоздырмайтын, су, тер, жуу және зарарсыздандыру заттары тигенде өздерінің қасиеттерін өзгертпейтін болуы керек.

4.2.2 Дулығалар дайындау үшін қолданылатын материалдар санитарлық-эпидемиологиялық сараптамадан өткен, Қазақстан Республикасының мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық органының бекітілген үлгідегі гигиеналық қорытындысын алған болуы керек.

4.2.3 *Дулығаның бөлшектері мен жинақ бірліктерін дайындау үшін қолданылатын матеиалдар нормативтік және техникалық құжаттамаға сәйкес болуға тиіс.*

4.2.4 Бүркеніш материалының қорғау қасиеттері ҚР СТ 1495 бойынша өрт сөндірушілердің жауынгерлік киімі дайындалатын материалдардың қаситеттерінен кем болмауға тиіс.

4.3 Сенімділік талаптары

4.3.1 Бұру-орнықтыру қондырғысының тоқтап қалмай жұмыс істеу көрсеткіші 7500 циклдан кем болмаға тиіс.

4.3.2 Дулығаның кепілді пайдалану мерзімі пайдалану күнінен бастап кемінде екі жыл болуға тиіс.

4.3.3 Дулығаны сақтау мерзімі кемінде екі жыл болуы және дайындалған күнінен бастап саналуы керек.

4.4 Сыртқы әсерлерге төзімділік талаптары

4.4.1 Климаттық әсерлерге төзімділігі бойынша дулығалар ГОСТ 15150 бойынша 1 орналастыру санаты үшін У, ХЛ және УХЛ климаттық орындау жағдайында дайындалуы керек.

4.4.2 Дулыға механикалық берік болуға және 80 Дж. күшпен доғал затпен жоғарыдан ұрылған соққыға төтеп беруге тиіс.

4.4.3 50 Дж күшпен доғал затпен жоғарыдан ұрған кездегі дулыға арқылы бастың үлгісіне берілген соққы (амортизация) 5 кН аспауы керек.

4.4.4 30 Дж күшпен жоғарыдан өткір затпен ұрылған соққы кезінде, зат бастың үлгісіне тимейтін болуы керек

4.4.5 Бет қалқаншасы 1,2 Дж күшпен жүктің жекелеген соғылуына төтеп беруге және бұру-орнықтыру қондырғысының жұмысқа жарамдылығы сақталуға тиіс.

4.4.6 *Дулығаға бойлай және көлденең 465 Н статикалық күш түсірілгенде , оның майысып бүлінуі 40 мм, жөндеуден кейінгі ақау 15 мм аспауы керек..*

4.4.7 Иекасты баулық 500 Н статикалық күшке төтеп беруге, бұл жағдайдағы баулықтың ұзаруы 25 мм аспауға тиіс.

4.4.8 Ішкі жабдығында таспасы бар дулығалар үшін ішкі жабдық бөлшектерінің дулыға тұрқымен қосылысы әрбір бекіту нүктесінде 80 Н күшке төтеп беруі керек.

4.4.9 Дулыға қоршаған ортаның 150 °С температурасына кемінде 30 мин.төтеп беріп, қорғау қасиеттерін сақтауға тиіс.

4.4.10 *Дулығаға 15 с бойы ашық жалын тигеннен кейін оның тұрқының материалының жануы мен бықсуының ұзақтығы 5 с аспауы керек.*

4.4.11 Бет қалқаншасына 10 с бойы ашық жалын тигеннен кейін оның материалының жануы мен бықсуының ұзақтығы 5 с аспауы керек.

4.4.12 Дулыға қоршаған ортаның 200 °С температурасына кемінде 3 мин.төзуі керек.

4.4.13 Дулыға күші 5 кВт/м^2 қызу ағынының әсеріне кемінде 4 минут бойы және 40 кВт/м^2 –ге кемінде 5 с төтеп беруге тиіс, бұл ретте бас үлгісінің бетіндегі температура 50°С.-тан аспауы керек.

4.4.14 *Тоқөткізгіш бөлшектермен жанасқан кезде дулығаның корпусы 400 В кернеулі электр тогынан зақымданудан сақтауға тиіс.*

Кернеу 1200 В болған кезде дулыға корпусынан токтың өтуі 0,5 мА.аспауға тиіс.

4.4.15 Дулыға су кемі 4 сағат бойы әсер еткеннен кейін өзінің беріктік қаситеттерін сақтап қалуға тиіс.

4.4.16 Дулығаның тұрқы 24 сағат бойы қолайсыз орта мен үстінен төгілген активті заттардың:

- күкірт қышқылының, тығыздығы 1,21 г/см^3 ГОСТ 4204 немесе ГОСТ 2184 бойынша;
- ащы натрийдің, тығыздығы 1,25 г/см^3 ГОСТ 2263 бойынша, немесе ГОСТ 4328 бойынша натрий су тотығының;
- трансформатор майының, ГОСТ 982 бойынша, немесе тығыздығы от 0,875 до 0,905 г/см^3 минерал майдың;
- ГОСТ 6948 бойынша көбіктүзгіштің - 6 % жұмысшы ерітіндінің әсер еткеннен кейін өзінің беріктік қасиеттерін сақтап қалуға тиіс.

4.5 Жиынтықтылық

4.5.1 Жеткізілімнің жинағына мыналар кіруге тиіс:

- түгел жинақталған дулыға;
- техникалық сипаттама, пайдалану жөніндегі нұсқаулық және паспорт;
- жеке орам.

Ескертулер:

1 Дулығаны байланыс құралдарымен, қоршаған ортаның өлшемдерін анықтау аспаптарымен, жеке қолшаммен, сондай-ақ, нормативтік және техникалық құжаттамаға сәйкес жасалған дулығаасты тақиямен қосымша жабдықтауға рұқсат етіледі.

2 Дулығаның техникалық сипаттамасы, паспорты және оны пайдалану жөніндегі құжат мемлекеттік және орыс тілдерінде дайындалуы керек.

4.5.2 *Техникалық сипаттамада мынадай мәліметтер болуға тиіс:*

- дулығаның маркасы;

- өнімнің коды;

- жиынтықтығы;

-дулығаның негізгі тактика-техникалық және пайдалану сипаттары: құрылысының ерекшеліктері мен негізгі бөлшектері, үлгіөлшемі, салмағы, жұмыс температурасының диапозоны, дулығаның сыртқы әсерлерге төзімділігі жөніндегі басқа да мәліметтер;

- сақтау ережелері.

4.5.3 *Паспортта мыналар жазылады:*

-дайындаушы туралы деректер;

- жиынтықтығы;

- дулығаның негізгі тактика-техникалық және пайдалану сипаттары;

- бұйымды қабылдау туралы белгі;

- қызмет ету мерзімі;

- дайындаушының кепілдік міндеттемелері туралы мәліметтер болуға тиіс.

Ескертулер:

1 Техникалық сипаттама мен паспортты бір құжатқа біріктіруге болады.

2 Дулығаның топтамасына бір паспорт беруге жол беріледі.

4.6 *Буып-түю және таңбалау*

4.6.1 *Әрбір дулығаның таңбасы болуға тиіс. Таңба тұрықтың ішкі жағына, көрінетін жерге салынады.*

4.6.2 *Таңбаға:*

- дайындаушы кәсіпорынның атауы немесе тауарлық белгісі;

- үлгіөлшем;

- дайындаған мерзімі кіруге тиіс.

4.6.3 *Таңба анық салынған және пайдалану мерзімі ішінде сақталуға тиіс.*

4.6.4 Таңбалау мемлекеттік және орыс тілдерінде орындалуға тиіс.

4.7 Тасымалдау және сақтау

4.7.1 Дулығалар тасымалдау кезінде механикалық әсерлерге төзімді болуға тиіс.

4.7.2 Дулығаларды тасымалдау мен сақтау шарттары оларды пайдалану шарттарына және ГОСТ 15150 талаптарына сәйкес келуге тиіс.

4.7.3 Дулығаларды тасымалдау мен сақтау кезінде оларды механикалық зақымданудан, қызудан, жауын-шашын тиюден, ылғал мен қолайсыз ортаның әсерінен сақтайтын шарттар қамтамасыз етілуге тиіс.

5 Қауіпсіздік талаптары

Дулығалар ГОСТ 12.2.037 бойынша қауіпсіздік талаптарына сәйкес болуға тиіс.

6 Сынау әдістері

6.1 Жалпы ережелер

6.1.1 Сынақ ГОСТ 15150 талаптарына сәйкес ауа-райы бірқалыпты жағдайларда ғимарат ішінде жүргізілуге тиіс.

6.1.2 Өлшеу құралдары мен сынау жабдықтары тексерілген және аттестатталған, мемлекеттік өлшем бірліктерін қамтамасыз ету жүйесінің тізіліміне енген және Қазақстан Республикасының аумағында қолдануға рұқсат етілген болуға тиіс.

6.1.3 Дулығалар:

- қабылдау;
- біліктілік
- типтік;
- қабылдау-өткізу;
- кезеңдік;
- пайдалану сынақтарынан өткізіледі.

6.1.4 Қабылдау сынақтары ГОСТ 15.001 талаптарына сәйкес, дайындаушы мен әзірлеуші жасаған бағдарлама бойынша, ГОСТ 2.114 бойынша техникалық құжаттаманы ұсына отырып, тәжірибелік топ үлгілеріне жүргізіледі.

6.1.5 Біліктілік сынақтары анықтау сериясының немесе бірінші өндірістік топтаманың үлгілеріне дайындаушы мен әзірлеуші құрастырған бағдарлама бойынша кәсіпорынның өнім шығаруға әзірлігін анықтау мақсатында жүргізіледі.

6.1.6 Типтік сынақтар құрылыстық және негізгі тактика-техникалық және пайдалану сипаттарына әсер етуге қабілетті өзге де өзгерістер (материалды дайындау технологиясы және т.б.) енгізу кезінде жүргізіледі. Сынақ бағдарламасы өзгерістердің сипатына қарай жоспарланады және әзірлеушімен келісіледі.

6.1.7 Қабылдау-өткізу сынақтарын өнімнің тұтынушыға жіберуге жарамды екендігі туралы шешім қабылдау мақсатымен дайындаушы кәсіпорын жүргізеді.

6.1.8 Кезеңдік сынақтар кем дегенде үш жылда бір рет қабылдау-өткізу сынақтарынан өткен үлгілерде, өнім сапасының тұрақтылығын және бұйым шығаруды жалғастыру мүмкіндігін бақылау мақсатымен жүргізіледі.

6.1.9 Дулығаларды пайдалану сынақтары практика жүзінде жұмыс істейтін жұмыскерлерден негізгі қорғау сипаттары бойынша ескертулер алу және бұйымды жетілдірудің мүмкін жолдары мен оны дайындау үшін пайдаланылатын материалдарды анықтау мақсатында жүргізіледі.

Пайдалану сынақтарын жүргізу әдісі дулығаның әрбір орындалуына (модификациясы) арналып әзірленеді және тапсырыс берушімен келісіледі.

6.1.10 Дулығаларды тексеріп сынаудың басқа түрлерін ГОСТ 16504 талаптарына сәйкес дайындаушы мен әзірлеуші жасаған бағдарлама бойынша дайындаушы кәсіпорын жүргізеді.

6.1.11 Сынауға мынадай құжаттама тапсырылады:

- нормативтік және техникалық құжаттама;
- техникалық сипаттама, пайдалану жөніндегі нұсқаулық және паспорт;
- Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі уәкілетті органының дулығаларды пайдалануға берген бекітілген үлгідегі қорытындысы;
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдарының токсикологиялық көрсеткіштер бойынша зертханалық зерттеулер негізінде дулығалардың материалына берген бекітілген үлгідегі гигиеналық қорытындысы.

6.1.12 Сынауға әрбір орындаудағы (түрлендірілген) дулығалардың кем дегенде он алты үлгісі тапсырылады.

6.1.13 Дулығалар корпустағы кез-келген ойықтармен және басқа да арнаулы мақсаттағы кез-келген бөлшектерді бекіту құралдарымен қоса, тұтынушыға ұсынылатын қалпында сыналады.

6.1.14 Кезеңдік, типтік, қабылдау-өткізу және біліктілік сынақтарын жүргізу көлемі А қосымшасында А.1- кестесінде берілді.

6.1.15 Сынақтардың нәтижелері дулығаның түгел топтамасына (топтамаларына) таратылады.

Сынақтың қандай да болмасын бір түрі бойынша теріс қорытынды алынған жағдайда, сыналатын үлгілер саны екі еселенеді және сынақ толық көлемде қайта жүргізіледі. Теріс қорытынды қайталанса, табылған ақаудың себептері анықталып, олар жойылғанға дейін сынақты одан әрі жүргізу тоқтатылуға тиіс.

6.2 Сынақтар жүргізу

6.2.1 Дулығаның өлшемін анықтау сынақтары

6.2.1.1 Үлгілерді іріктеп алу

Сыналатын топтамадан дулығалардың үш ең кіші және үш ең үлкен өлшемдегі үлгілері іріктеліп алынады.

6.2.1.2 Сынау жабдығы

ГОСТ 7502 бойынша бөлінуі 1 мм металл рулетка

6.2.1.3 Сынақ жүргізу

Дулығалар өлшемдерінің 4.1.3 талаптарына сәйкестігі металл рулеткамен тексеріледі.

6.2.1.4 Сынақ қорытындылары

Егер ең кіші және ең үлкен өлшемдегі үлгілердің барлығы 4.1.3 талаптарына сәйкес болса, дулыға сынақтан өтті деп есептеледі.

6.2.2 Дулығаның бет қалқаншасының қалыңдығын анықтау сынақтары

6.2.2.1 Үлгілерді іріктеу

Сыналатын топтамадан бет қалқаншасының үш үлгісі іріктеліп алынады.

6.2.2.2 Сынау жабдығы

ГОСТ 6507 бойынша бөлінуі 0,01 мм микрометр.

6.2.2.3 Сынақ жүргізу

Бет қалқаншасының қалыңдығы таңдалып алынған он нүктеде өлшенеді. Өлшеу 0,1 мм дейінгі дәлдікпен жүргізіледі.

6.2.2.4 Сынақ қорытындылары

Егер үш үлгінің әрқайсысы 4.1.6 талаптарына сәйкес болса, дулығаның бет қалқаншасы сынақтан өтті деп есептеледі.

6.2.3 Дулығаның сызықтық өлшемдерін анықтау сынақтары

6.2.3.1 Үлгілерді іріктеу

Сыналатын топтамадан дулығаның үш үлгісі іріктеліп алынады.

6.2.3.2 Сынау жабдығы

ГОСТ 427 бойынша бөлінуі 1 мм өлшеу сызғышы

6.2.3.3 Сынақ жүргізу

Өлшеу сызғышының көмегімен өлшемдер жасалып, 4.1.7 және 4.1.8 талаптарына сәйкестігі анықталады. Барлық өлшемдер 1 мм дейінгі дәлдікпен жүргізіледі.

6.2.3.4 Сынақ қорытындылары

Егер үш үлгінің әрқайсысы 4.1.7 және 4.1.8 талаптарына сәйкес болса, дулыға сынақтан өтті деп есептеледі.

6.2.4 Дулығаның көлденең дөңгелек саңылауын анықтау сынақтары

6.2.4.1 Үлгілерді іріктеу

Сыналатын топтамадан дулығаның үш үлгісі іріктеліп алынады.

6.2.4.2 Сынау жабдығы:

- шаблон - диаметрі (5,0 ± 0,2) мм, ұзындығы (200 ± 5) мм болат шыбықша;
- ГОСТ 28889 бойынша бастың үлгісі.

6.2.4.3 Сынаққа дайындық

Дулығаның бас үлгісіне дулығаны кигізу тығыздығы мынадай тәсілмен қамтамасыз етіледі:

- дулыға тиісті өлшемдегі бас үлгісіне кигізіледі;
- корпустың жоғарғы бөлігіне (50 ± 5) Н күшпен салмақ түсіріледі;
- дулыға иекасты баулықтың көмегімен бас үлгісіне бекітіледі;
- салмақ алынады.

6.2.4.4 Сынақ жүргізу

Саңылаудың шамасы шаблонның көмегімен тексеріледі. Шаблон дулыға тұрқының барлық периметрлері бойынша - дулығаны пайдаланушының басына тиіп тұратын ішкі жабдықтың орнықтырушы бөлшектерінің және дулыға тұрқының ішкі бетінің немесе корпустың шкі бетінің кез-келген шығындысының арасындағы кеңістікке күш түсірусіз еркін өтуге тиіс.

ГОСТ 166 бойынша дөңгелек саңылаудың шамасын 1 мм дейінгі дәлдікпен штангенциркульдің көмегімен анықтауға болады.

6.2.4.5 Сынақ қорытындылары

Егер үш үлгінің әрқайсысы 4.1.9 талабына сәйкес болса, дулыға сынақтан өтті деп есептеледі.

6.2.5 Дулығаның салмағын анықтау сынақтары

6.2.5.1 Үлгілерді іріктеу

Сыналатын топтамадан дулығаның үш үлгісі іріктеліп алынады.

6.2.5.2 Сынау жабдығы:

Өлшеу ауытқушылығы ± 5 г аспайтын үстел таразысы.

6.2.5.3 Сынақ жүргізу

Дулыға таразыда 5 г дейінгі дәлдікпен өлшенеді.

6.2.5.4 Сынақ қорытындылары

Егер үш үлгінің әрқайсысы 4.1.2 талабына сәйкес болса, дулыға сынақтан өтті деп есептеледі.

6.2.6 *Дулығаның механикалық беріктігін анықтау сынақтары*

6.2.6.1 Үлгілерді іріктеу

Сыналатын топтамадан дулығаның үш үлгісі іріктеліп алынады.

6.2.6.2 Сынау жабдығы:

- *Соққының жоғарыдан 9,00-ден 9,81 м/с^2-ге дейінгі жеделдікпен түсуін қамтамасыз ететін сынау стендісі;*

Е с к е р т у. Сынау стендісінің сызбасы Б қосымшасындағы Б.1-суретте берілді.

- ГОСТ 28889 бойынша *бастың үлгісі;*
- ГОСТ 5072 бойынша өлшеу ауытқушылығы ± 0,2 с аспайтын секундомер.

6.2.6.3 Сынаққа дайындық

6.2.4.3 бойынша дулыға бастың үлгісіне кигізіледі.

6.2.6.4 Сынақ жүргізу

Дулыға жоғарыдан (80 ± 3) Дж. күшпен бағытталған жүкпен бір рет соғылады. Құлап келе жатқан жүктің-балғаның соққысының күшін есептеу Б қосымшасында берілді.

6.2.6.5 Сынақ қорытындылары

Егер соққыдан кейін дулыға копусында жарықшақтар және оның түрін нашарлататын жапырылулар болмаса, сондай-ақ ішкі жабдық бөлшектері мен иекасты баулық, дулыға корпусына бекітілетін бөлшектер бүлінбесе, дулыға сынақтан өтті деп есептеледі.

6.2.7 *Қоршаған ортаның 50 °С температурасы әсер еткен кездегі дулығаның амортизациялық қасиеттерін анықтау сынақтары*

6.2.7.1 Үлгілерді іріктеу

Сыналатын топтамадан дулығаның бір үлгісі іріктеліп алынады.

6.2.7.2 Сынау жабдығы:

- 6.2.6.2 бойынша сынау стенді;
- ГОСТ 5072 бойынша өлшеу ауытқушылығы ± 0,2 с аспайтын секундомер.
- ГОСТ 28889 бойынша *бастың үлгісі;*
- жылу камерасы;

Е с к е р т у л е р:

1 Жылу камерасында ауа циркуляциясын және температураны (50 ± 2) °С шекте кемінде 4 сағат ұстап тұру мүмкіндігі болуы керек;

2 Жылу камерасына салынған дулыға камераның қабырғаларына тимеуге тиіс;

3 Сынау стендісінің күштің барынша жоғарғы мәнін тіркеуге арналған қондырғысы (күшөлшегіш бергіш) 1-ден 10 кН-ға дейін ауқымда күшті ± 10 % аспайтын ауытқушылықпен өлшеуді қамтамасыз етуге тиіс.

6.2.7.3 Сынаққа дайындық

Сынау алдында дулыға 4 сағат бойы жылу камерасында (50 ± 2)°температурада ұсталады.

6.2.4.3 бойынша дулыға бастың үлгісіне кигізіледі.

6.2.7.4 Сынақ жүргізу

Амортизацияға сынау дулыға жылу камерасында ұсталғаннан кейін екі минуттан кешіктірмей жүргізіледі.

Дулыға жоғарыдан (50 ± 2) Дж. күшпен бағытталған жүкпен бір рет соғылады.

6.2.7.5 Сынақ қорытындылары

Егер дулығадан бастың үлгісіне берілген күш 5 кН аспаса, ал соққыдан кейін дулыға корпусында жарықшақтар және оның түрін нашарлататын жапырылулар болмаса, сондай-ақ ішкі жабдық бөлшектері мен иекасты баулық, дулыға корпусына бекітілетін бөлшектер бүлінбесе, дулыға сынақтан өтті деп есептеледі..

6.2.8 ***Қоршаған ортаның 50 °С температурасы әсер еткен кездегі дулығаның тесілуге төзімділігін анықтау бойынша сынақтар***

6.2.8.1 Үлгілерді іріктеу

Сыналатын топтамадан дулығаның бір үлгісі іріктеліп алынады.

6.2.8.2 Сынау жабдығы:

- 6.2.6.2 бойынша сынау стендісі;
- ГОСТ 5072 бойынша өлшеу ауытқушылығы ± 0,2 с аспайтын секундомер.
- ГОСТ 166 бойынша өлшеу ауытқушылығы ± 0,1 с аспайтын штангенциркуль.
- ГОСТ 28889 бойынша *бастың үлгісі;*
- 6.2.7.2 бойынша жылу камерасы;

Ескертулер:

1 Сынау стендісінің тескіші ГОСТ 4543 бойынша болаттан, ұратын бөлігі конус түрінде дайындалуға және мынадай сипаттамалары болуға тиіс: тескіштің конус тәріздес ұшының бұрышы (60 ± 1) град; тескіштің конус тәріздес ұшының сфералық доғалдығының радиусы (0,5 ± 0,1) мм; конустың биіктігі кемінде 40 мм; тескіштің ұратын бөлігінің қаттылығы Роквелл бойынша, HRC 45 – 50.

2 Сынау стендісінің құрылысы тескіш ұшының бастың үлгісіне орнықты тиюін қамтамасыз етуге тиіс.

6.2.8.3 Сынаққа дайындық

Сынау алдында дулыға 4 сағат бойы жылу камерасында (50 ± 2)°температурада ұсталады.

6.2.4.3 бойынша дулыға бастың үлгісіне кигізіледі.

Дулығаны сынау ол жылу камерасында ұсталғаннан кейін екі минуттан кешіктірмей жүргізіледі.

6.2.8.4 Сынақ жүргізу

Дулығаны тесілуге төзімділікке сынау соққышпен дулыға корпусының сыртқы жағынан, дулыға корпусының ортасынан жүргізілген (50 ± 2) мм радиусты дөңгелектің ішімен (30 ± 1,2) Дж күшпен үш рет ұру арқылы жүргізіледі. Соққы түрлі нүктелерге түсіріледі.

6.2.8.5 Сынақ қорытындылары

Үш жерден соққышпен ұрғанда бастың үлгісі ойылып тесілмесе, дулыға сынақтан өтті деп есептеледі.

6.2.9 ***Қоршаған ортаның минус 60°С температурасы әсер еткен кездегі дулығаның амортизациялық қасиеттерін анықтау сынақтары***

6.2.9.1 Үлгілерді іріктеу

Сыналатын топтамадан дулығаның бір үлгісі іріктеліп алынады.

6.2.9.2 Сынау жабдығы:

- 6.2.7.2 бойынша сынау стенді;

Ескертулер:

1 ГОСТ 15150 бойынша У және ХЛ климаттық орындаудағы дулығалар үшін сынақтар криокамерада минус (40 ± 2) °С температурада кемінде 4 сағат бойы жүргізіледі;

2 ГОСТ 15150 бойынша УХЛ климаттық орындаудағы дулығалар үшін сынақтар криокамерада минус (60 ± 2) °С температурада кемінде 4 сағат бойы жүргізіледі;

6.2.9.3 Сынақ жүргізу

Дулығаның амортизациялық қасиеттерін анықтау сынақтары ол жылу камерасында ұсталғаннан кейін екі минуттан кешіктірмей жүргізіледі.

Дулыға жоғарыдан (50 ± 2) Дж. күшпен бағытталған жүкпен бір рет соғылады.

6.2.9.4 Сынақ қорытындылары

Егер дулығадан бастың үлгісіне берілген күш 5 кН аспаса, ал соққыдан кейін дулыға корпусында жарықшақтар және оның түрін нашарлататын жапырылулар болмаса, дулыға сынақтан өтті деп есептеледі..

6.2.10 ***Қоршаған ортаның минус 60°С температурасы әсер еткен кездегі дулығаның тесілуге төзімділігін анықтау сынақтары***

6.2.10.1 Үлгілерді іріктеу

Сыналатын топтамадан дулығаның бір үлгісі іріктеліп алынады.

6.2.10.2 Сынау жабдығы:

- 6.2.8.2 бойынша сынау стендісі;

Ескертулер:

1 ГОСТ 15150 бойынша У және ХЛ климаттық орындаудағы дулығалар үшін сынақтар криокамерада минус (40 ± 2) °С температурада кемінде 4 сағат бойы жүргізіледі;

2 ГОСТ 15150 бойынша УХЛ климаттық орындаудағы дулығалар үшін сынақтар криокамерада минус (60 ± 2) °С температурада кемінде 4 сағат бойы жүргізіледі;

6.2.10.3 *Сынақ жүргізу*

Дулығаны тесілуге сынау ол жылу камерасында ұсталғаннан кейін екі минуттан кешіктірмей жүргізіледі.

Дулығаны тесілуге төзімділікке сынау соққышпен дулыға корпусының сыртқы жағынан, дулыға тұрқының ортасынан жүргізілген (50 ± 2) мм радиусты дөңгелектің ішімен (30 ± 1,2) Дж күшпен үш рет ұру жолымен жүргізіледі. Соққы түрлі нүктелерге түсіріледі.

6.2.10.4 Сынақ қорытындылары

Үш жерден соққышпен ұрғанда бастың үлгісі ойылып тесілмесе, дулыға сынақтан өтті деп есептеледі.

6.2.11 ***Қоршаған ортаның 150°С температурасы әсер еткен кездегі дулығаның амортизациялық қасиеттерін анықтау сынақтары***

6.2.11.1 Үлгілерді іріктеу

Сыналатын топтамадан дулығаның бір үлгісі іріктеліп алынады.

6.2.11.2 Сынау жабдығы:

- 6.2.7.2 бойынша сынау стендісі;

Ескерту. Сынау алдында үлгі жылу камерасында (150 ± 5) °С температурада 30 минут бойы ұсталады.

6.2.11.3 Сынақ жүргізу

Дулығаның амортизациялық қасиеттерін анықтау сынақтары ол жылу камерасында ұсталғаннан кейін екі минуттан кешіктірмей жүргізіледі.

Дулыға жоғарыдан (50 ± 2) Дж. күшпен бағытталған жүкпен бір рет соғылады.

6.2.11.4 Сынақ қорытындылары

Егер дулығадан бастың үлгісіне берілген күш 5 кН аспаса, ал соққыдан кейін дулыға корпусында жарықшақтар және оның түрін нашарлататын жапырылулар болмаса, дулыға сынақтан өтті деп есептеледі..

6.2.12 ***Қоршаған ортаның 150°С температурасы әсер еткен кезіндегі дулығаның тесілуге төзімділігін анықтау сынақтары***

6.2.12.1 Үлгілерді іріктеу

Сыналатын топтамадан дулығаның бір үлгісі іріктеліп алынады.

6.2.12.2 Сынау жабдығы 6.2.8.2 бойынша.

Е с к е р т у. Сынау алдында үлгі жылу камерасында (150 ± 5) °С температурада 30 минут бойы ұсталады.

6.2.12.3 Сынақ жүргізу

Дулығаны тесілуге сынау ол жылу камерасында ұсталғаннан кейін екі минуттан кешіктірмей жүргізіледі.

Дулығаны тесілуге төзімділікке сынау соққышпен дулыға корпусының сыртқы жағынан, дулыға тұрқының ортасынан жүргізілген (50 ± 2) мм радиусты дөңгелектің ішімен (30 ± 1,2) Дж күшпен үш рет ұру жолымен жүргізіледі. Соққы түрлі нүктелерге түсіріледі.

6.2.12.4 Сынақ қорытындылары

Үш жерден соққышпен ұрғанда бастың үлгісінде өзгеріс болмаса, дулыға сынақтан өтті деп есептеледі.

6.2.13 Бет қалқаншасының бұру-орнықтыру қондырғысын сенімділікке сынау

6.2.13.1 Үлгілерді іріктеу

Сыналатын топтамадан дулығаның бір үлгісі іріктеліп алынады.

6.2.713.2 Сынау жабдығы:

- ГОСТ 5072 бойынша өлшеу ауытқушылығы ± 0,2 с аспайтын секундомер.
- өлшеу ауытқушылығы ± 5 г аспайтын столүсті таразы.

Е с к е р т у л е р:

1 Сынау жабдығы бет қалқаншасын жұмыс істемей тұрған қалпынан жұмыс жағдайына және керісінше ауыстыруды қамтамасыз етуге тиіс, мұндағы бір циклдың ұзақтығы кемінде 1,5 с болуы керек

2 Бет қалқаншасын жұмыс істемей тұрған қалпынан жұмыс жағдайына және керісінше ауыстыру цикл деп қабылданады.

6.2.13.3 Сынаққа дайындық

6.2.4.3 бойынша дулыға бас үлгісіне кигізіледі.

6.2.13.4 Сынақ жүргізу

Бет қалқаншасы жұмыс істемей тұрған қалпынан жұмыс жағдайына және керісінше ауыстырылады, циклдың жиілігі –1,5с бір цикл. Әрбір 500 циклдан кейін бет қалқаншасының орнықтылығы ашық және жабық күйінде тексеріледі, осы кезде бұру-орнықтыру қондырғысын ретке келтіруге рұқсат етіледі.

Е с к е р т у л е р:

1 Орнықтыру күшін қалқаншаға салмағы (0,32 ± 0,01) кг жүк ілу жолымен тексеруге болады.

2 Циклдардың жалпы саны кемінде 7500 болуға тиіс.

6.2.13.5 Сынақ қорытындысы

Егер бұру-орнықтыру қондырғысы бет қалқаншасының орнықтылығын талап етілетін жағдайда кемінде 3 Н күшпен қамтамасыз етсе, дулыға сынақтан өтті деп есптеледі.

6.2.14 Бет қалқаншасының механикалық беріктігін анықтау сынақтары

6.2.14.1 Үлгілерді іріктеу

Сыналатын топтамадан дулығаның бір үлгісі іріктеліп анынады.

6.2.14.2 Сынау жабдығы:

6.2.6.2 бойынша сынау стендісі;

Ескертулер:

1 Сынау стендісінің салмағы кемінде 20 кг металл табаны болуға тиіс;

2 ГОСТ 4543 бойынша болаттан дайындалған соққыш, шаппасының қаттылығы Роквелл бойынша HRC 45-50. Шаппа жарты сфера түрінде орындалуы керек, радиусы (11 ± 1) мм және бет қалқаншасына (1,2 ± 0,05) Дж. күшпен соққы түсіруді қамтамасыз ететін салмағы болуға тиіс.

- ГОСТ 5072 бойынша өлшеу ауытқушылығы ± 0,2 с аспайтын секундомер;
- ГОСТ 166 бойынша өлшеу ауытқушылығы ± 0,1 мм аспайтын штангенциркуль.
- ГОСТ 427 бойынша бөлінуі 1 мм өлшеу сызғышы;
- өлшеу ауытқушылығы ± 0,5 г үстел таразысы;
- ГОСТ 28889 бойынша бастың үлгісі.

6.2.14.3 Сынаққа дайындық

6.2.4.3 бойынша бастың үлгісіне дулыға кигізіледі.

6.2.14.4 Сынақ жүргізу

Дулыға кигізілген бас үлгісі бет жағы жоғары қаратылып, сынау стендіне көлденінен бекітіледі. Бет қалқаншасы жұмыс жағдайына келтіріледі.

Шаппамен соққы түсірілетін нүктелер, қалқаншаның ортасынан жүргізілген радиусы (15 ± 1) мм дөңгелектің ішкі жағында болуы керек

Соққыш жүктің құлап соғылуын (1,2 ± 0,05) Дж. күшпен қамтамасыз ететін биіктіктен қалқаншаның үстіне еркін құлатылады.

Сынақ барысында қалқаншаға үш рет соққы түсіріледі

6.2.14.5 Сынақ қорытындылары

Егер үш соққыдан кейін бет қалқаншасында жарықшақ, сынық және басқа да зақымданулар болмаса, және қалқаншаның орнықтылығын кемінде 3Н күшпен талап етілетін жағдайда қамтамасыз етіп тұрса, бет қалқаншасы сынақтан өтті деп есептеледі.

6.2.15 ***Дулығаның қаттылығын (пішінсізденуін) анықтау сынақтары***

6.2.15.1 Үлгілерді іріктеу

Сыналатын топтан дулығаның екі үлгісі іріктеліп алынады, бір дулыға бет жағына, екіншісі – бүйір жағына салмақ түсіріліп сыналады.

6.2.15.2 Сынау жабдығы:

- ГОСТ 5072 бойынша өлшеу ауытқушылығы ± 0,2 с аспайтын секундомер;
- ГОСТ 427 бойынша бөлінуі 1 мм өлшеу сызғышы;
- арасына дулыға сиятындай етіп бір-бірімен параллель орналастырылған екі жалпақ табақша. Табақшалар дулығаға бет жағынан немесе бүйір жағынан салмақ түсіруге мүмкіндік беруге тиіс.

Ескерту. Табақшалардың параллель тұрмауы 50,0 мм ұзындыққа 1,0 мм аспауы керек.

6.2.15.3 Сынақ жүргізу

Дулыға табақшалардың арасына бет жағынан (бүйір жағынан) салмақ түсетіндей етіп орналастырылады.

Табақшаларға бастапқы, (65 ± 2) Н тең салмақ түсіріледі;

2 минут өткеннен кейін табақшалардың арақашықтығы $Д_1$ *1,0 мм. дейін дәлдікпен өлшенеді. Содан соң әрбір 2 минут сайын салмақ (100 ± 5) Н-ге арттырылып, барынша жоғары мәнге (465 ± 20) Н- дейін жеткізіледі.*

(465 ± 20) Н салмақ 2 мин бойы түсірілгеннен кейін табақшалардың арақашықтығы $Д_2$ тағы өлшенеді.

Табақшаларға түсірілген салмақ (65 ± 2) Н дейін азайтылады және осы деңгейде 5 мин бойы ұсталады, осыдан кейін табақшалардың арақашықтығы $Д_3$ *тағы өлшенеді.*

6.2.15.4 Сынақ қорытындылары

Дулығаның пішінсізденуі $Д_к$ мына формула бойынша есептеледі:

$$Д_к = Д_1 - Д_2, \quad (1)$$

мұндағы $Д_1$ – табақшалардың бастапқы салмақтан кейінгі арақашықтығы, мм;

$Д_2$ –табақшалардың барынша ауыр салмақтан кейінгі арақашықтығы, мм.

Соңғы пішінсіздену $Д_{ост}$ мына формула бойынша есептеледі:

$$Д_{ост} = Д_1 - Д_3, \quad (2)$$

мұндағы $Д_3$ – табақшалардың салмақты азайтқаннан кейінгі арақашықтығы, мм.

Егер дулығаға бет жағынан (бүйір жағынан) түсірілген статикалық салмақтан түскен пішінсіздену $Д_к$ *40 мм артпаса, дулыға сынақтан өтті деп есептеледі. Бұл ретте соңғы пішінсіздену* $Д_{ост}$ *15 мм артпауға тиіс.*

6.2.16 Иекасты баулықтың беріктігін анықтау сынақтары

6.2.16.1 Үлгілерді іріктеу

Сыналатын топтамадан дулығаның бір үлгісі алынады.

6.2.16.2 Сынау жабдығы:

- иекасты баулықтың беріктігін тексеруге арналған сынау жабдығы;

Е с к е р т у. Сынау жабдығының сызбасы В қосымшасында В.1-суретте берілді.

- ГОСТ 5072 бойынша өлшеу ауытқушылығы ± 0,2 с аспайтын секундомер;
- ГОСТ 427 бойынша бөлінуі 1 мм өлшеу сызғышы;

6.2.16.3 Сынақ жүргізу

Иекасты баулық өндірушінің талаптарына сәйкес салынады. Дулыға тиісті тірекке жиегімен қойылады. Иекасты баулыққа В қосымшасындағы В.1 -суретке сәйкес құрал ілінеді.

Құралға (50 ± 2) Н күшпен салмақ түсіріледі. Бастапқы салмақтан кейінгі баулықтың ұзаруын кемінде 30 минуттан соң анықтайды

Кейінгі (30 ± 2) с уақытта салмақ біркелкі жылдамдықпен (500 ± 5) Н дейін арттырылады.

(120 ± 10) с уақыт өткенде қосымша салмақтан кейінгі ұзару анықталады,сондай-ақ баулықтың және бекіту жүйесінің зақымдануы сырттай қарап тексеріледі.

6.2.16.4 Сынақ қорытындылары

Иекасты баулықтың ұзаруы $Д_у$ мына формула бойынша есептеледі:

$$Д_у = Д_2 - Д_1, \quad (3)$$

мұндағы $Д_2$ – қосымша салмақтан кейін ұзару, мм;

$Д_1$ – бастапқы салмақтан кейін ұзару, мм.

Егер сырттай қарап тексеру кезінде баулықтың немесе бекіту жүйесінің зақымдануы байқалмаса, бұл кездегі баулықтың ұзаруы $Д_у$ 25 мм аспайды, дулыға сынақтан өтті деп есептеледі.

6.2.17 Ішкі жабдық бөлшектерінің дулығаның корпусымен жалғасуының беріктігін анықтау сынақтары

6.2.17.1 Үлгілерді іріктеу

Сыналатын топтамадан дулығаның бір үлгісі алынады.

Е с к е р т у. Сынақ ішкі жабдығында орнықтырғыш таспа бар дулығаларға жүргізіледі.

6.2.17.2 Сынау жабдығы:

- ГОСТ 5072 бойынша өлшеу ауытқушылығы ± 0,2 с аспайтын секундомер;
- өлшеу ауытқушылығы ±50 г. аспайтын циферблатты үстел таразысы.

6.2.17.3 Сынақ жүргізу

Дулыға тұрық жиектерінен ұстап тұратын тірекке орнатылады. Дулыға корпусымен жалғасатын әрбір аспаға (82 ± 2) Н күш түсіріледі және осы салмақ екі минут бойы ұсталады.

Салмақ түсіріліп, дулыға сырттай қарап тексеріледі

Е с к е р т у. Жалғасудың беріктігін әрбір аспаға жеке (8,3 ± 0,1) кг жүк ілу жолымен тексеруге болады.

6.2.17.4 Сынақ қорытындысы

Аспалардың бір де бірі корпустан ажырап кетпесе, дулыға сынақтан өтті деп есептеледі.

6.2.18 ***Дулығаның отқа төзімділігін анықтау сынақтары***

6.2.18.1 Үлгілерді іріктеу

Сыналатын топтамадан дулығаның бір үлгісі алынады.

6.2.18.2 *Сынау жабдығы:*

- газ шығу тесігінің диаметрі (10,0 ± 0,2) мм,жалын шамасын реттегіші бар «Бунзена» газжаққышы;

Е с к е р т у. Газжаққышқа құрамында кемінде 95,0 % пропан бар газ пайдаланылады.

- ГОСТ 5072 бойынша өлшеу ауытқушылығы ± 0,2 с аспайтын секундомер;
- ГОСТ 427 бойынша бөлінуі 1 мм өлшеу сызғышы;

6.2.18.3 Сынақ жүргізу

Газжаққыш жағылып, ұзындығы (15 ± 3) мм көгілдір жалын конус түрінде анық көрінетін етіп реттеледі.

Газжаққыш жалын тік (45 ± 10) градус бұрышпен жоғары бағытталатын етіп орнатылады.

Дулыға сыртқы беті төмен қаратылып бұрылады, бұл ретте көгілдір жалын конусы дулығаның сыртқы жағындағы 50-ден 100 мм дейінгі кез-келген тұктесіне тиетін болуы керек

Сынау нүктесіндегі от тиетін жер жалынға көлденең болуы керек. Жалынның дулығаға әсер ету уақыты (15 ± 1) с болуға тиіс. Жалынның әсері тоқтатылғаннан кейін секундомердің көмегімен материалдың соңғы жану және бықсу уақыты тіркеледі.

6.2.18.4 Сынақ қорытындылары

Егер материалдың соңғы жану және бықсу уақыты 5 с аспаса, дулыға сынақтан өтті деп есептеледі.

6.2.19 ***Бет қалқаншасының отқа төзімділігін анықтау сынақтары***

6.2.19.1 Үлгілерді іріктеу

Сыналатын топтамадан дулығаның бір үлгісі алынады.

6.2.19.2 *Сынау жабдығы:*

- газ шығу тесігінің диаметрі (10,0 ± 0,2) мм, жалын шамасын реттегіші бар «Бунзена» газжақұышы;

Е с к е р т у. Газжақұышқа құрамында кемінде 95,0 % пропан бар газ пайдаланылады.

- ГОСТ 5072 бойынша өлшеу ауытқушылығы ± 0,2 с аспайтын секундомер;

- ГОСТ 427 бойынша бөлінуі 1 мм өлшеу сызғышы;

6.2.19.3 Сынақ жүргізу

Газжақұыш жағылып, ұзындығы (15 ± 3) мм көгілдір жалын конус түрінде анық көрінетін етіп реттеледі.

Газжақұыш жалын тік (45 ± 10) градус бұрышпен жоғары бағытталатын етіп орнатылады.

Бет қалқаншасы сыртқы беті төмен қаратылып бұрылады, бұл ретте көгілдір жалын конусы бет қалқаншасының сыртқы жағындағы 50-ден 100 мм дейінгі кез-келген ыңғайлы нүктесіне тиетін болуы керек.

Сынау нүктесіндегі от тиетін жер жалынға көлденең болуы керек. Жалынның бет қалқаншасына әсер ету уақыты (10 ± 1) с болуға тиіс. Жалынның әсері тоқтатылғаннан кейін секундомердің көмегімен материалдың соңғы жану және бықсу уақыты тіркеледі.

6.2.19.4 Сынақ қорытындылары

Егер материалдың соңғы жану және бықсу уақыты 5 с аспаса, дулыға сынақтан өтті деп есептеледі.

6.2.20 *Қоршаған ортаның 200°С температурасы әсер еткен кездегі дулығаның төзімділігін анықтау сынақтары*

6.2.20.1 Үлгілерді іріктеу

Сыналатын топтамадан бұрын беріктікке және қыздыруға сыналмаған дулығаның бір үлгісі іріктеліп алынады.

6.2.20.2 Сынау жабдығы:

- ауасы ауысып тұратын жылу камерасы;

